БЕКІТІЛДІ:
«Жауқазын» бөбекжай бақшасы
Меңгеруші: Уразова.М.Н
«01» қыркүйек 2022 ж

КЕЛІСІЛДІ:
«Жауқазын» бөбекжай бақшасы
Әдіскер: Шамғанова.С.О
«01» қыркүйек 2022 ж

# Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылының қыркүйек айына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Балапан» ерте жас тобы

**Тәрбиешілер:** Рахметова А.
Батшабаева А.С

КМҚК Жауқазын «бөбекжай – бақшасынын»
меңгерушісі М.Н.Уразова

## Ерте жас «Балапан» тобының 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі

| ...а күндері | Ұйымдастырылған іс-әрекет үшін аптасына өткізу кезеңділігі | ...е | Ұйымдастырылған іс-әрекет |
|---|---|---|---|
| ...үйсенбі | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Мүсіндеу<br>Музыка<br>Сенсорика | | Дене шынықтыру |
| ...ейсенбі | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Мүсіндеу<br>Музыка<br>Сенсорика | | Музыка |
| ...әрсенбі | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Мүсіндеу<br>Музыка<br>Сенсорика | | Дене шынықтыру |
| ...үйсенбі | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Мүсіндеу<br>Музыка<br>Сенсорика | | |
| Жұма | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Мүсіндеу<br>Музыка<br>Сенсорика | | Дене шынықтыру |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы **«Жауқазын» бөбекжай бақшасы**
Топ «Балапан» ерте жас тобы
Балалардың жасы 1 жастан бастап
Жоспардың құрылу кезеңі қыркүйек айы 2022-2023 оқу жылы

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **Дене шынықтыру** | **Жалпы дамытушы жаттығулар**:<br>қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бүгу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу<br>Ұйымдастырудың түрлері – жұптасу, шағын топпен.<br><br>**Негізгі қимылдар:**<br>жүру. тура жолдың бойымен (ені 25-30 см, ұзындығы 2–3 м) жүру, ересектің көмегімен және көмегінсіз гимнастикалық тақтай бойымен (ені 25-30 см) жүру, ересектің көмегімен жәшікке (биіктігі 10–15 см) шығу және одан түсу, еденде жатқан лентадан (арқаннан, таяқтан) аттап өту.<br><br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар.**<br><br>1) баланы жуынудың қарапайым дағдыларына, киінуге, шешінуге және түбекке сұрануға үйрету;<br><br>2) ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу, бетінің, қолының, мұрнының ластығын байқауға, оларды жууға, сүртуге, дымқыл киімін шешуге үйрету.<br><br>Балаларды шынықтыру ауа, су шараларымен, серуен кезінде ультракүлгін сәулелердің әсерлерімен жүзеге асырылады. Ата-аналардың тілектерін ескере отырып, 2-3 минут бойы жылы құмның үстінде жалаң аяқ жүруге рұқсат ету<br><br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**<br>Ауа ванналары күніне бірнеше рет киіну-шешіну кезінде қолданылады, ауа ванналарының ұзақтығы 2-3 минуттан, 6-10 минутқа дейін ұзартылады.<br><br>**Дербес қимыл белсенділігі**<br>Қасында бірге ойнап жатқан балаға назар аудара білуді, оның жағдайын түсіну, жылаған балаға жан ашырлық танытуды қалыптастыру.<br>Құрдастарына кедергі жасамауға, ойыншықтарды алып қоймай бірге ойнауға үйрету. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Өзінің, жақын туыстарының есімін, киім, жиһаз, ыдыс-аяқтардың, кейбір көлік құралдарының, бірнеше таныс жануарлар мен өсімдіктерді атауды;<br>өзінің (қол, аяқ, бас, ауыз, көз, құлақ) және ойыншық-жануарлардың дене мүшелерін ажыратып, атай білуді;<br>құрылымы және мазмұны бойынша қарапайым сөз тіркестерін түсінуді, өтініштерді орындауды, ойыншықтармен күрделі емес шағын қойылымдар көрсетуді, тұрмыстық және қызықты жағдайларды суреттейтін 1-3 әрекетті;<br>қоршаған ортамен қарым-қатынасты реттеуге және қалауларын білдіруге қажетті сөздерді (ал , бер, жібер, әрі жылжы) қолдана білуді қалыптастыру.<br><br>Бала тілдесу барысында сергек, қуанышты көңіл-күйді, ересектермен әңгімелесу ниетін қолдау, олардың нұсқауларын орындау, олардың әрекеттері мен сөздеріне еліктеу үшін тақпақтарды, әзілді тапқыр сөздерді, ертегілердің күлкілі кіріспесі қолдану мен үйрету<br><br>белсенді сөйлеу қажетті ақпаратты түрлі жолдармен жеткізуі : ыммен, қимылмен, былдыр сөздермен, таңдануды, қуанышты, наразылықты, өкінуді және тағы басқа білдіретін кейбір эмоциялық екпіндерді қайталауын дамыту; |

| | |
|---|---|
| **Көркем әдебиет** | шағын қарапайым мазмұнды әңгімелерді, тақпақ, бесік жырларын сурет, ойыншық, түрлі әрекеттер және аудио-бейнематериалдар арқылы тыңдау мәдениетін және оларды түсіну дағдыларын қалыптастыру;<br>мәнерлі сөйлеудегі: көркем шығарманың мазмұнына қатысты айтылатын сұраулы, бұйрықты, лепті интонацияларды түсінуін дамыту. Мәтінді қайталап оқу, көрсету арқылы сөздерді қайталап, айта білуге үйрету;<br>балалардың ойын әрекеттерін дамыта, айтып беру, көрсету барысында мәтінге сәйкес таныс әуендерді орындай білуге, халық шығармаларының, тақпақтар мен әндердің ырғақтығы мен әуезділігін эмоциялы қабылдауға баулу; |
| **Сенсорика** | бір-бірімен байланысты тура және кері әрекеттерді орындауға: жаю және жинастыру, алу және салу, шарлардың түрлі түсті тығындарын қорапқа, шелекке ауыстырып салу, оларды еңгіс жазықпен сырғанатуға;<br>заттарды өлшемі немесе пішіні бойынша сәйкес ұяларға орналастыра отырып, салыстыруға арналған тапсырмаларды орындауға;<br>екі бөліктен тұратын ойыншықтарды, түрлі өлшемдегі 2–3 сақинадан тұратын конустық негіздегі (өзекшесі) пирамидаға, кейіннен тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны, содан кейін түрлі өлшемді екі топтағы сақиналарды белгілі бірізділікпен жинастыруға үйрету |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | өсімдіктер мен жануарларға деген қызығушығын дамыту, оларға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>қоршаған ортадағы және суретте берілген заттарды, көлік түрлерін,үй жануарларын танып, олардың дауыстарына еліктеуді;<br>жануарлардың ерекшеліктерін, іс-қимылдарын, белгілерін ажырату және атауды;<br>ерте жастағы балалар үшін олардың жалпы дамуы мен әлеуметтенуі үшін ойындар ұйымдастыру |
| **Сурет салу** | сурет салуға балалардың қызығушылығын тәрбиелеу;<br>балаларды бояулардың ашық түстерін эмоциялы қабылдауға, қарындаштармен сурет салуға, қағаз бетін ашық түсті дақтармен, жақпалармен толтыруға бояу жағылған саусақпен қағазға түрлі таңбалы сурет салуға үйрету. |
| **Мүсіндеу** | Балаларға тұзды қамырды, сазбалшықты алақан арасына ала білуді, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білу мен қолданылған материалдарға ұқыпты қарым-қатынас жасай білуге үйрету. |
| **Музыка** | Балаларды әннің әуені мен сөздерін тыңдауға және оларды тануға, көңілді және қалыпты сипаттағы музыкалық шығармаға эмоционалды үн қатуға, ересектердің орындауындағы әнді тыңдауға, ойын әрекеттерін орындауға, музыка сипатының ауысуына назар аударуға жетелеп үйрету. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Топ** «Балапан» ерте жас тобы

**Балалардың жасы** 1 жастан бастап

***Жоспардың құрылу кезеңі***: 2022-2023 оқу жылы қазан айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| қазан | Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бүгу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу, айналдыру, қолдың алақандарын жоғары, төмен бұру, қолдың саусақтарын бүгу, ашу, саусақтарды жұмып, ашу, ұсақ заттарды саусақтарымен іліп алу, заттарды бір-біріне беру арқылы отырып және тұрып оңға, солға қарай бұрылу, алға еңкейіп және түзулену, сүйемелдеу арқылы жүрелеп отыру, секіруге ұмтылу.<br>Ұйымдастырудың түрлері – жұптасу, шағын топпен, топпен жұмыс.<br><br>**Негізгі қимылдар:**<br>жолмен жүру (ені 30 см, ұзындығы 3-5 м), орындықтардың, текшелердің, таяқтардың, кегльдердің арасымен, текшелерден, құрсаулардан, таяқшалардан аттап жүру, құрсаудан құрсауға өту, жоғары, төмен қойылған көлбеу тақтай үстімен, тәрбиешімен бірге гимнастикалық орындықтың үстімен жүру, доппен жүру (сырғанаудан кейін), жәшікке немесе гимнастикалық орындыққа көтерілу және одан түсу, жүру ("солдат", "тышқан", "ит", "құс", "аю" және басқалар);<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар**<br>1) жуыну кезінде: қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетінің төменгі жағын алақанымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту;<br>2) киініп-шешіну кезінде: киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс жинау, киіміне арналған шкафты білу;<br>3) баланың түбекке сұрана білу дағдыларын қалыптастыру, өзінің түбегінің орнын білу; тек өз түбегіне отыру<br>4) бет орамалмен ескерткен кезде мұрнын сүрту, оны қалтасынан өзі алу және салу;<br>5) өзінің заттарын, сүлгісін сақтайтын орынды білу, үстел басындағы өзінің орнын, киімге арналған шкафты біле<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың дербес ойындарында қимыл белсенділігін реттеуге ықпал ететін жағдайлар жасау.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**<br>1) балаларды шынықтыруды күні бойы және ұйқыдан соң киіндіру кезінде де жүзеге асыру;<br>2) киіміндегі олқылықты байқай білуге тәрбиелеу, ересектердің көмегімен өзін ретке келтіруді, ұқыптылыққа және тазалыққа рахаттану сезімдерін дамыту |
| | Сөйлеуді дамыту | Аталған жастағы балалардың сөйлеу тілін түсінуі: бөлмедегі және бөлмеден тыс заттар, кейбір жануарлар, олардың қимылдары, ойыншықтар (көжек, қонжық, балық, құс), заттардың белгілері, заттардың жай-күйлері, орны, мезгілдік және сандық қатынастар; қалауына байланысты (су ішкісі, тамақ жегісі, ұйқысы келеді) іс- әрекеттер; дене күйі, көмек, қуаныш, жанашырлық сезімі, жасы мен жынысына сәйкес айналасындағы адамдарға қатысты сөздер есебінен кеңейтіледі |

| | |
|---|---|
| | Келесі дағдыларды:<br><br>1)тұрғын үй бөлмелерінің атауын, бұл бөлмелерде еркін бағдарлай білуді және олардың неге арналғандығын;<br>2)таныс заттарды атауы, түстері, дыбысталуы бойынша топтастыра білуді;<br>3) ересектердің айтқанын мұқият тыңдау, оның нұсқауларын орындау, екі-үш әрекеттен тұратын жеңіл тапсырмаларды есте сақтап, орындау, жалғаулары бар сөйлемдерді түсінуді;<br>4) қоршаған ортамен қарым-қатынасты реттеуге және қалауларын білдіруге қажетті сөздерді (алғым келеді, берші, жібер, әрі жылжы) қолдана білуді қалыптастыру. |
| Көркем әдебиет | адамдар мен жануарлардың әрекеттері бейнеленген шағын әңгімелерді, ертегілерді, өлеңдерді тыңдауға, сюжеттің дамуын қадағалай білуге және эмоционалды көңіл-күйлерін білдіруге, балалардың түсінуіне жеңіл табиғат құбылыстарын: қар, жаңбыр, жел, шалшық тағы басқа атауға үйрету;<br><br>оқу, айтып беру және көрсету барысында балаларды шығарма кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, мәтіннің сөздерін айтуға баулу;<br><br>балаларды ойын әрекеттеріне қатысуға, халық шығармаларының, тақпақтардың, әндердің музыкасы мен ырғағына көңіл күйін білдіруді үйрету; |
| Сенсорика | қызыл, сары, жасыл, көк, ақ және қара түске боялған: біртекті заттарды тану және жұмыс жасауға;<br><br>түрлі материалдардан жасалған заттардың шығаратын дыбыстарын, сонымен бірге музыкалық тембрлердің дыбыстарын ажыратуға үйрету.<br><br>заттарды өлшемі немесе пішіні бойынша сәйкес ұяларға орналастыра отырып, салыстыруға арналған тапсырмаларды орындауға; |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | өсімдіктер мен жануарларға деген қызығушығын дамыту, оларға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>қоршаған ортадағы және суретте берілген заттарды, көлік түрлерін,үй жануарларын танып, олардың дауыстарына еліктеуді;<br>жануарлардың ерекшеліктерін, іс-қимылдарын, белгілерін ажырату және атауды;<br>ерте жастағы балалар үшін олардың жалпы дамуы мен әлеуметтенуі үшін ойындар ұйымдастыру |
| **Мүсіндеу** | Балаларға ермексазды, сазбалшықты алақан арасына ала білуді, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, қолданылған материалдарға ұқыпты қарым-қатынас жасай білуге үйрету |

Бекітемін
Құлсары қаласы ҚМҚК «Жауқазын»
бөбекжай бақшасының меңгерушісі ______ Уразова М.Н
«01» XI 2022 жыл

Келісемін
Құлсары қаласы ҚМҚК «Жауқазын»
бөбекжай бақшасының әдіскері: ______ Шамғанова С.О
«01. қараша» 2022 жыл

# Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

## Ерте жас «Балапан » тобы

Тәрбиешілер:Рахметова А
Батшабаева А

Құлсары қаласы 2022-2023 оқу жылы

**«Атырау облысы білім беру басқармасының Жылой ауданы білім бөлімінің «Жауқазын» бөбекжай- бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы**

## Түсінік хат.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес іске асырылады. (ҚР БҒМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы)

Ұйымдастырылған іс-әрекет «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» (ҚР БҒМ 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы) арқылы жүзеге асырылады.Үлгілік бағдарлама мазмұнын іске асыру тәрбиеленушілердің жас ереешеліктерін ескеріп,оларды жан-жақты дамыту мына бағытар бойынша

Физикалық дамыту,коммуникативтік дағдыларды дамыту,танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту,

Шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту,әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

-Перспективалық жоспарға

-Циклограммаға

-Бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгертулер енгізуіліне байланысты ҚР БҒМ 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 1,2,3 қосымшалары ұйымдастырылған іс-әрекетін ұйымдастыруға қолданылады.

Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып,оқу жылының басында жасақталады: ерте жас «Балапан» тобы-1 жастағылар

КМҚК Жауқазын «бөбекжай – бақшасынын»
меңгерушісі М.Н.Уразова

**Ерте жас «Балапан» тобының 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі**

| Апта күндері | Ұйымдастырылған іс-әрекет үшін аптасына өткізу кезеңділігі | Ұйымдастырылған іс-әрекет |
|---|---|---|
| **Дүйсенбі** | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Мүсіндеу<br>Музыка<br>Сенсорика | Дене шынықтыру |
| **Сейсенбі** | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Мүсіндеу<br>Музыка<br>Сенсорика | Музыка |
| **Сәрсенбі** | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Мүсіндеу<br>Музыка<br>Сенсорика | Дене шынықтыру |
| **Дүйсенбі** | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Мүсіндеу<br>Музыка<br>Сенсорика | |
| **Жұма** | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Мүсіндеу<br>Музыка<br>Сенсорика | Дене шынықтыру |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Балалардың жасы** 1 жастан бастап

**Жоспардың құрылу кезеңі** 2022-2023 оқу жылы қараша айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| қараша | Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулар:** қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бүгу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу, айналдыру, қолдың алақандарын жоғары, төмен бұру, қолдың саусақтарын бүгу, ашу, саусақтарды жұмып, ашу, ұсақ заттарды саусақтарымен іліп алу, заттарды бір-біріне беру арқылы отырып және тұрып оңға, солға қарай бұрылу, алға еңкейіп және түзулену, сүйемелдеу арқылы жүрелеп отыру, секіруге ұмтылу. Ұйымдастырудың түрлері – жұптасу, шағын топпен, топпен жұмыс.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Еденде жатқан жолдың бойымен тура бағытта топпен жүру. Нысанаға дейін тура жолдың бойымен (ені 25-30 см, ұзындығы 2–3 м) жүру, ересектің көмегімен гимнастикалық тақтай бойымен (ені 25-30 см) жүру, ересектің көмегімен модульге (биіктігі 10–15 см) шығуға және одан түсуге үйрету, еденде жатқан лентадан (арқаннан) аттап өту.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар.**<br>1) тамақтану кезінде: үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өзі отырып, одан өзі тұру; тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдану, тамақтан соң алғыс айту;<br>2) жуыну кезінде: қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетінің төменгі жағын алақанымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту;<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**<br>1) балаларды шынықтыруды күні бойы және ұйқыдан соң киіндіру кезінде де жүзеге асыру;<br>2) киіміндегі олқылықты байқай білуге тәрбиелеу, ересектердің көмегімен өзін ретке келтіруді, ұқыптылыққа және тазалыққа рахаттану сезімдерін дамыту;<br>**Дербес қимыл белсенділігі**.<br>Балалардың дербес ойындарында қимыл белсенділігін реттеуге ықпал ететін жағдайлар жасау |
| | Сөйлеуді дамыту | Сөзді түсіну<br>Суреттерден ересектің айтқан сөзіне сәйкес келетін ойыншықтарды, заттарды, киімдерді, ыдыс-аяқтарды табу және көрсету.<br>Өз дене мүшелерін және ойыншық жануарлардың дене мүшелерін (қол, аяқ, бас, ауыз, көз, құлақ) білдіретін сөздерді түсіну. |
| | Көркем әдебиет | Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту.<br>Шағын, мазмұны түсінікті өлеңдерді, әңгімелерді, тақпақтарды, бесік жырларын тыңдату. |
| | Сенсорика | Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау, түрлі өлшемдегі 2–3 сақинадан тұратын конустық негіздегі (өзекшесі) пирамидаға, кейіннен тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны, содан кейін түрлі өлшемді екі топтағы сақиналарды белгілі реттілікпен жинау. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Баланың өзіне деген қызығушылығын қалыптастыру.<br>Фотосуреттерден өзін, құрдастарын тану. Өзіне жақын ересектер мен құрдастарына жағымды қарым-қатынас таныту (күлімсіреу, басын изеу, қолын бұлғау). |
| | Мүсіндеу | Балалардың мүсіндеуге қызығушылығын ояту.<br>Сазбалшықпен таныстыру. |
| | Музыка | Көңілді және баяу музыкамен таныстыру.<br>Балаларға мазмұны бойынша жақын әндерді тыңдауды, олардың көңіл-күйін эмоционалды қабылдауды, ересектің көрсетуі бойынша сәйкес қимылдармен сүйемелдеуді, қосылып ән айтуды үйрету (айта алуына қарай). |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Балалардың жасы** 1 жастан бастап

**Жоспардың құрылу кезеңі** 2022-2023 оқу жылы желтоқсан айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| желтоқсан | Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулар:** қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бүгу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу, айналдыру, қолдың алақандарын жоғары, төмен бұру, қолдың саусақтарын бүгу<br>**Негізгі қимылдар**<br>Еңбектеу, өрмелеу. Арқанның (биіктігі 50 см), доғаның, орындықтың астынан төрт тағандап еңбектеп өту, 2 м қашықтыққа дейін бөренеден аттап өту, құрсаудан еңбектеп өту. Шағын саты бойымен жоғары өрмелеу (биіктігі 1 метр).<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар.**<br>1) бет орамалмен ескерткен кезде мұрнын сүрту, оны қалтасынан өзі алу және салу;<br>2) өзінің заттарын, сүлгісін сақтайтын орынды білу, үстел басындағы өзінің орнын, киімге арналған шкафты білу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың дербес ойындарында қимыл белсенділігін реттеуге ықпал ететін жағдайлар жасау.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**<br>1) балаларды шынықтыруды күні бойы және ұйқыдан соң киіндіру кезінде де жүзеге асыру;<br>2) киіміндегі олқылықты байқай білуге тәрбиелеу, ересектердің көмегімен өзін ретке келтіруді, ұқыптылыққа және тазалыққа рахаттану сезімдерін дамыту; |
| | Сөйлеуді дамыту | Сөзді түсіну<br>Тұрмыстық және ойын әрекеттерін (жуыну, қыдыру); заттардың түстерін (қызыл, көк), қарама-қарсы өлшемдерді (үлкен, кіші), фигураларды (текше, кірпіш) білдіретін сөздерді түсіну. |
| | Көркем әдебиет | Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту.<br>Шығарманы оқып беруді суреттер, ойыншықтар, әрекеттерді көрсетумен (әңгімелеу) сүйемелдеу. Оқылатын шығарма мазмұнының баланың жасына сәйкестігіне және мәнерлеп оқылуына мән беру. |
| | Сенсорика | Заттардың көлеміне (үлкен, кіші), түсіне (қызыл, көк) бағдар жасай отырып, әртүрлі әрекеттер (ашу-жабу, өткізу-шығару, домалату, қадау, сабақтау, қою, байлау, төсеу) жасау.( |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту. Өлі табиғат заттарымен (су, құм, тас) таныстыру, олармен әрекет етуді көрсету (сумен жуыну, құммен ойнау, тастарды жинау). |
| | Мүсіндеу | Ермексаздың, сазбалшықтың кесектерін алақан арасында домалатып, «шарлар» жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу. |
| | Музыка | Көңілді және баяу музыкамен таныстыру.<br>Музыкамен жүруге, қарапайым би қимылдарын көрсетуге (аяқты топылдату, аяқтан аяққа ауысу, қол шапалақтау, сылдырмақты сылдырлату) үйрету. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Балалардың жасы** 1 жастан бастап

**Жоспардың құрылу кезеңі** 2022-2023 оқу жылы қаңтар айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| қаңтар | Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулар:** қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бүгу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу, айналдыру, қолдың алақандарын жоғары, төмен бұру, қолдың саусақтарын бүгу, ашу, саусақтарды жұмып, ашу, ұсақ заттарды саусақтарымен іліп алу, заттарды бір-біріне беру арқылы отырып және тұрып оңға, солға қарай бұрылу, алға еңкейіп және түзулену, сүйемелдеу арқылы жүрелеп отыру, секіруге ұмтылу. Ұйымдастырудың түрлері – жұптасу, шағын топпен, топпен жұмыс.<br>**Негізгі қимылдар**<br>Домалату, лақтыру. Допты бір қолмен және екі қолмен ұстау, көлемдері әртүрлі доптар мен шарларды жинау, оларды өз бетінше себетке (жәшікке) салу, шарларды домалату, допты екі қолмен алға лақтыру, допты алға домалату (отырып, тұрып), допты (диаметрі 6–8 см) төменге, қашықтыққа лақтыру.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар.**<br>1) баланың түбекке сұрана білу дағдыларын қалыптастыру, өзінің түбегінің орнын білу; тек өз түбегіне отыру;<br>2) бет орамалмен ескерткен кезде мұрнын сүрту, оны қалтасынан өзі алу және салу;<br>3) өзінің заттарын, сүлгісін сақтайтын орынды білу, үстел басындағы өзінің орнын, киімге арналған шкафты білу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың дербес ойындарында қимыл белсенділігін реттеуге ықпал ететін жағдайлар жасау.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**<br>1) киіміндегі олқылықты байқай білуге тәрбиелеу, ересектердің көмегімен өзін ретке келтіруді, ұқыптылыққа және тазалыққа рахаттану сезімдерін дамыту;<br>2) медицина қызметкерінің жетекшілігімен ауада және суда шынықтыру шараларын жүргізу |
| | Сөйлеуді дамыту | Күнделікті өміріне байланысты қарапайым сөз тіркестерін түсіну, өтініштерді орындау, ойыншықтармен күрделі емес бейнелі ойындар ойнау, тұрмыстық жағдаяттарды суреттейтін 1-3 әрекетті көрсету.<br>Белсенді сөйлеуді дамыту<br>Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау. Белсенді сөздікті жақын адамдардың атауларымен (ата, әже, әке, ана) білдіретін сөздермен толықтыру. |
| | Көркем әдебиет | Оқылатын шығарма мазмұнының баланың жасына сәйкестігіне және мәнерлеп оқылуына мән беру.<br>Жалпақ және көлемді иллюстрацияларымен кітаптарды қарауға баулу. |
| | Сенсорика | Балалардың сенсорлық тәжірибесін байытуды жалғастыру.<br>Өлшемі бойынша заттарды ажырата білу, ересектің көмегімен 4-5 сақинадан (үлкенінен кішіге қарай) тұратын пирамиданы жинау. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Гүлдеп тұрған өсімдікті бақылау, оның бөліктерін (гүл, жапырақ) көрсету.<br>Қоршаған ортадағы жануарларды көрсету, олардың дауыстарын (қозы-мәәә, бұзау-мөөө, мысық-мяу, ит-абаб) салу. |
| | Мүсіндеу | Балалардың мүсіндеуге қызығушылығын ояту.<br>Сазбалшықпен таныстыру. Ермексаздың, сазбалшықтың кесектерін алақан арасында домалатып, «шарлар» жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу. |
| | Музыка | Көңілді және баяу музыкамен таныстыру.<br>Ойындарда кейіпкерлердің қимылдарын (құс, аю, қоян) көрсетуге ынталандыру. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Балалардың жасы** 1 жастан бастап

**Жоспардың құрылу кезеңі** 2022-2023 оқу жылы ақпан айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| ақпан | Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулар:** қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бүгу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу, айналдыру, қолдың алақандарын жоғары, төмен қарату, саусақтарды жұмып, ашу, ұсақ заттарды саусақтарымен іліп алу, отырып және тұрып оңға, солға бұрылу, заттарды бір-біріне беру, алға еңкею және түзу тұру, таяныштан ұстап, жүрелеп отыру, секіру.<br>**Негізгі қимылдар**<br>домалату, лақтыру. Допты шағын төбешіктен домалату, допты тәрбиешіге домалату және лақтыру; допты алға, жоғары лақтыру, баланың кеудесінің деңгейінде тартылған лентадан допты асыра лақтыру<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар.**<br>1) тамақтану кезінде: үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өзі отырып, одан өзі тұру; тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдану, тамақтан соң алғыс айту;<br>2) жуыну кезінде: қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетінің төменгі жағын алақанымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту;<br>3) киініп-шешіну кезінде: киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс жинау, киіміне арналған шкафты білу;<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың дербес ойындарында қимыл белсенділігін реттеуге ықпал ететін жағдайлар жасау<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**<br>1) балаларды шынықтыруды күні бойы және ұйқыдан соң киіндіру кезінде де жүзеге асыру;<br>2) киіміндегі олқылықты байқай білуге тәрбиелеу, ересектердің көмегімен өзін ретке келтіруді, ұқыптылыққа және тазалыққа рахаттану сезімдерін дамыту;<br>3) медицина қызметкерінің жетекшілігімен ауада және суда шынықтыру шараларын жүргізу; |
| | Сөйлеуді дамыту | Белсенді сөйлеуді дамыту<br>Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау.Белсенді сөздікті жақын адамдардың атауларымен (ата, әже, әке, ана), күнделікті жиі қолданатын таныс заттар мен ойыншықтардың, тағам атауларымен (ботқа, су, сүт және т.б.), белгілі қимылдарды (ал, бер, аш, тұр, жібер, ұйықта, бар және т.б.) білдіретін сөздермен толықтыру. |
| | Көркем әдебиет | Көрнекіліксіз таныс мазмұны қарапайым шығармаларды тыңдау, олардың мазмұнына эмоциямен жауап беру, шығарма мәтінінің кейбір сөздерін қайталау. |
| | Сенсорика | Тиісті пішіндегі (дөңгелек, шаршы) қораптар мен қобдишаларға қақпақтарды таңдау, екі бөліктен тұратын қиылған суреттерді жинау. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Ата – анасы мен өзіне жақын отбасы мүшелерін (анасы, әкесі, ағасы, апасы, әжесі, атасы) тану, қоршаған кеңістікті (бөлме – пәтер, үй – кіреберіс, аула-балалар алаңы) бағдарлау, күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын заттарды тану. |
| | Мүсіндеу | Балалардың мүсіндеуге қызығушылығын ояту.<br>Сазбалшықпен таныстыру. Ермексаздың, сазбалшықтың кесектерін алақан арасында [illegible] «шарлар» жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Балалардың жасы** 1 жастан бастап

***Жоспардың құрылу кезеңі*** 2022-2023 оқу жылы наурыз айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| наурыз | Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулар**: қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бүгу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу,<br>**Негізгі қимылдар**<br>еңбектеу. Гимнастикалық орындықтың үстінен, астынан өрмелеп еңбектеу, домалаған доптың артынан еңбектеу, жоғары қойылған көлбеу тақтайдың, гимнастикалық орындықтың бойымен еңбектеу<br>**Мәдени гигиеналық** талаптарды сақтау бойынша жұмысты жалғастыру.<br>Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өзі отырып, одан өзі тұру, тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, тамақтанып болғаннан кейін майлықты қолдану, орындықты жылжыту, алғыс айту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**.<br>Балалардың дербес ойындарында қимыл белсенділігін реттеуге ықпал ететін жағдайлар жасау.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**:<br>1) балаларды шынықтыруды күні бойы және ұйқыдан соң киіндіру кезінде де жүзеге асыру;<br>2) киіміндегі олқылықты байқай білуге тәрбиелеу, ересектердің көмегімен өзін ретке келтіруді, ұқыптылыққа және тазалыққа рахаттану сезімдерін дамыту; |
| | Сөйлеуді дамыту | Ересектердің сөздерін тыңдауға, «Бұл кім?», «Бұл не?», «Не істеді?» деген қарапайым сұрақтарға жауап беруге, ыммен, қимылдар арқылы көрсетуден біртіндеп сөзбен айтуға көшуге, екі сөзден тұратын сөйлемдерді айтуға баулу. |
| | Көркем әдебиет | Көрнекіліксіз таныс мазмұны қарапайым шығармаларды тыңдау, олардың мазмұнына эмоциямен жауап беру, шығарма мәтінінің кейбір сөздерін қайталау. |
| | Сенсорика | Тиісті пішіндегі (дөңгелек, шаршы) қораптар мен қобдишаларға қақпақтарды таңдау, екі бөліктен тұратын қиылған суреттерді жинау. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Ата – анасы мен өзіне жақын отбасы мүшелерін (анасы, әкесі, ағасы, апасы, әжесі, атасы) тану, қоршаған кеңістікті (бөлме – пәтер, үй – кіреберіс, аула-балалар алаңы) бағдарлау, күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын заттарды тану. |
| | Мүсіндеу | Балалардың мүсіндеуге қызығушылығын ояту.<br>Сазбалшықпен таныстыру. Ермексаздың, сазбалшықтың кесектерін алақан арасында домалатып, «шарлар» жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу. |
| | Музыка | Балалардың музыканы есте сақтауын дамыту, таныс музыкалық шығарманы көтеріңкі көңіл-күймен қабылдауға баулу, оны соңына дейін тыңдауға үйрету. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Балалардың жасы** 1 жастан бастап

**Жоспардың құрылу кезеңі** 2022-2023 оқу жылы сәуір айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Сәуір | Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулар.** Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму;<br>**Негізгі қимылдар**<br>1)бір аяқты екінші аяқтың жанына қойып, бөренеден асып өту;<br>2)домалату, лақтыру. Допты шағын төбешіктен домалату, допты тәрбиешіге домалату және лақтыру; допты алға, жоғары лақтыру, баланың кеудесінің деңгейінде тартылған лентадан допты асыра лақтыру<br>**Сауықтыру шаралары**<br>1) бет орамалмен ескерткен кезде мұрнын сүрту, оны қалтасынан өзі алу және салу;<br>2) өзінің заттарын, сүлгісін сақтайтын орынды білу, үстел басындағы өзінің орнын, киімге арналған шкафты білу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың дербес ойындарында қимыл белсенділігін реттеуге ықпал ететін жағдайлар жасау |
| | Сөйлеуді дамыту | 1)айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді;<br>2)дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды;<br>3)дыбыстарды, сөздерді және сөз тіркестерін дауыстың қарқынын, екпінін, күшін есепке алып, дыбыстарды дәл айтуды қалыптастыру. |
| | Көркем әдебиет | ертегілердің,әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалау |
| | Сенсорика | Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтау |
| | Мүсіндеу | балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру |
| | Музыка | Музыка тыңдау:<br>1) музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру; Ән айту:<br>2)ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру;<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>1) музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау; |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Балалардың жасы** 1 жастан бастап

**Жоспардың құрылу кезеңі** 2022-2023 оқу жылы мамыр айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| мамыр | Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулар:** қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бүгу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу, айналдыру, қолдың алақандарын жоғары, төмен бұру, қолдың саусақтарын бүгу, ашу, саусақтарды жұмып, ашу, ұсақ заттарды саусақтарымен іліп алу, заттарды бір-біріне беру арқылы отырып және тұрып оңға, солға қарай бұрылу, алға еңкейіп және түзулену, сүйемелдеу арқылы жүрелеп отыру, секіруге ұмтылу. Ұйымдастырудың түрлері – жұптасу, шағын топпен, топпен жұмыс.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар.**<br>1) тамақтану кезінде: үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өзі отырып, одан өзі тұру; тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдану, тамақтан соң алғыс айт<br>2) жуыну кезінде: қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетінің төменгі жағын алақанымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту<br>3) киініп-шешіну кезінде: киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс жинау, киіміне арналған шкафты білу;<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың дербес ойындарында қимыл белсенділігін реттеуге ықпал ететін жағдайлар жасау.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**<br>1) күнделікті шынықтырудың бір түрі - суды ағызып, қолын шынтаққа дейін жуу. Бөлме температурасы +22°С төмен емес жағдайда баланың денесі толық немесе денесінің бір бөлігі сумен шынықтырылады;<br>2) арнайы шынықтыру шаралары (ұсынылған тәсілдердің біреуі қолданылады): беліне дейін және бүкіл денесін дымқыл шүберекпен сүрту. Судың температурасын +36°С бастап +28°С жеткенге дейін біртіндеп төмендету (4–5 күн сайын 2 градусқа төмендету). Денесінің белгілі бір бөлігін сүртінуде су температурасын +35°С бастап +23°С дейін (4 күн сайын 2 градусқа төмендету) төмендету, қарама-қарсы температурадағы жылы, салқын су құю: басында су температурасы +36°С бастап +25°С дейін, соңында +38°С бастап+18°С дейін төмендетіледі. |
| | Сөйлеуді дамыту | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>1)Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.<br>2) Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. |
| | Көркем әдебиет | Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. |
| | Сенсорика | Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Заттық әлем<br>1)Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу және т. б.), белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою және т. б.) орындауға баулу.<br>2) Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану. |
| | Мүсіндеу | Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. |
| | Музыка | Музыка тыңдау:<br>1)әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>1) музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. |